

## **ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТЕҢІЗ ҰЙЫМЫНЫҢ (ИМО) ҚАМҚОРЫМЕН ҚАБЫЛДАНҒАН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОНВЕНЦИЯЛАРҒА ЖӘНЕ ИМО ТУРАЛЫ КОНВЕНЦИЯҒА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚОСЫЛУЫ ТУРАЛЫ**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МИНИСТРЛЕР КАБИНЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ 4  
наурыз 1994 ж. N 244**

Қазақстан Республикасының теңіз кемелерінде теңізде жүзу қауіпсіздігіне қатысты қабылданған жалпыға бірдей халықаралық ережелер мен нормаларды орындауды және теңіз ортасының ластануына жол бермеуді, сондай-ақ республиканың халықаралық сауда кеме қатынасын үкіметтік реттеу жөніндегі ынтымақтастығын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының мына халықаралық конвенцияларға қосылуы туралы Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің ұсынысы қабылдансын:

- а) Халықаралық теңіз ұйымы туралы конвенцияға, 1948 жыл;
- б) Жүк маркасы туралы Халықаралық конвенцияға, 1966 жыл;
- в) Кемелерді өлшеу жөніндегі Халықаралық конвенцияға, 1969 жыл;
- г) Мұнаймен ластанудан келтірген зияны үшін азаматтық жауапкершілік туралы Халықаралық конвенцияға, 1969 жыл;
- д) Теңізде кемелердің соқтығысуынан сақтандырудың Халықаралық ережелері туралы конвенцияға, 1972 жыл;
- е) 1978 жылғы Хаттамамен (МАРПОЛ 73/78) өзгертілген, теңіздің кемелерден ластануына жол бермеу жөніндегі Халықаралық конвенцияға, 1973 жыл;
- ж) 1978 жылғы Хаттамамен (СОЛАС 74/78) өзгертілген Теңізде адам өмірін қорғау жөніндегі Халықаралық конвенцияға, 1974 жыл;
- з) Теңізшілерді даярлау, оларға дипломдар беру және вахта атқару туралы Халықаралық конвенцияға, 1978 жыл;
- и) Қауіпсіз контейнерлер жөніндегі Халықаралық конвенцияға, 1972 жыл.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі 1-тармақтың "б" - "и" тармақшаларында аталған конвенцияларға Қазақстан Республикасының қосылғаны туралы құжатты ИМО-ның Бас хатшысы және Халықаралық теңіз ұйымы туралы Конвенцияға қосылғаны жөніндегі құжатты БҰҰ-ның Бас хатшысына жіберсін.

3. Қазақстан Республикасының Көлік министрлігі негізгі сыныптаушы қоғамдарға куәландыру жүргізуді және конвенциялық құжаттар беруді тапсыру туралы шешімдер қабылдауға қоса тиісті халықаралық конвенцияларда көзделген куәландыру мен куәлік беру тәртібін анықтасын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ